

## Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы Жамбылской области

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №366 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1 тармағында көрсетілген облыс әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Әбдірайымовқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2014 жылғы "29" желтоқсандағы  
№ 366 қаулысына қосымша

## Жамбыл облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізімі

1. "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағының шекарасын белгілеу және олардағы жерді пайдалану режимін айқындау туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 164 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 1750 болып тіркелген, 2010 жылдың 27 шілдесінде №134 (17 188) "Ақ жол" облыстық газетінде жарияланған).

2. Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 2 маусымдағы №164 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы №34 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 1806 болып тіркелген, 2012 жылғы 13 наурыздағы "Ақ жол" №29 (17 589) және "Знамя Труда" №29 (17 546) облыстық газеттерінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК